

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы
бойынша білім бөлімінің «№6 «Өркен» бөбекжайы» жедел басқару
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өзін –
өзі бағалау комиссиясының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Мұнайлы ауданы
2024 жыл**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 заңының 59 бабы, 4-тармағына және Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 -2024 оқу жылына арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда бөбекжайды өзін-өзі бағалау комиссиясы бөбекжай директоры м.а. 1 шілде 2024 жылғы №55 нқ бұйрығымен құрылды:

1. Реева Т.Ж. – бөбекжай директоры м.а. комиссия төрайымы
2. Нургазиева А – бейінді педагог, комиссия мүшесі
- 3.Куттумурадова Г.К. – бейнелеу маманы, комиссия мүшесі
- 4.Тилавбаева М.Э. – тәрбиеші, комиссия мүшесі
5. Мангутаева С.Х. – тәрбиеші, комиссия мүшесі.

Өзін – өзі бағалау іс-жоспары жасалды және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұскадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1) Білім беру ұйымының атауы: Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№6 «Өркен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) Орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы): Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Самал тұрғын үй алабы, Шерқала көшесі, №69 ғимарат, индексі 130006

3)Занды тұлғаның байланыс деректері: Эл.пошта: orken.2013@mail.ru, Веб-сайт: <https://orken6.edu.kz/>

4) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: директор м.а. Реева Турсынай Жусипбаевна - 29.03.2024 жылғы №34 лауазымға тағайындау туралы бұйрығымен осы лауазымға қабылданған.

5) Құқық беруші құжаттар: Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша Мұнайлы аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі 2021 жылғы 22 қаңтар БИН 111140018902 (бизнес сәйкестендіру номері), алғашқы мемлекеттік тіркеу 29.11.2011ж.

6) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасы бар.Тіркеу номері: KZ38RVK00002228, 08.05.2015жылы берілген.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы

Өзін – өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының 1 –қосымшасына сай жүргізілді.

1. Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің сапалық құрамы талданды:

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары	Оның ішінде мектепке дейінгі	Арнаулы орта	Оның ішінде мектепке дейінгі	Барлық м.д мамандар	Бала күтіміндегі педагог
2021-2022ж	47	34 (72%)	23 -48%	14	12-25%	37	10
2022-2023ж	45	27 (60%)	18-40%	15	12-27%	30	9
2023-2024ж	35	27 (77,14%)	19 -47%	14	12-30%	31	6

2. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі

Оқу жылы	Педагог саны	Санаты							
		жоғары	I санат	II санат	басшы менеджер	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	санатсыз
2021-2022ж	47	5	5	11	-	3	1	1	21
%		10,63%	10,63%	23%	-	6,3%	2,1%	2,1%	44,6%
2022-2023ж	45	3	3	10	1	3	1	1	20
%		6,6%	6,6%	22%	2,2%	6,6%	2,2%	2,2%	44,4%
2023-2024ж	35			2	1	22	1	1	8
%				5,7%	2,8%	62,8%	2,8%	2,8%	22,8%

3. Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі

Оқу жылы	Педагог саны	Курстан өткендер саны	пайызы
2021- 2022ж	47	5	10,63%
2022-2023ж	45	13	29%
2023- 2024ж	35	74	100%

2023 – 2024 оқу жылы бойынша педагог саны 40, жоғары білімді 27, оның ішінде мектепке дейінгі 19, арнаулы орта 14, оның ішінде мектепке дейінгі 12 педагог. Үлесі – 88,5%.

Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы бөбекжайдың ресми сайтында орналастырылған.

4. Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһаз бен жарақтандырылуы

Бөбекжайдың жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады. Жабдықтары мен жиһазбен қамтамасыз етуі сайтта көрсетілген, фото, материалдық есеп жүктелген. Бөбекжай басшысы бекітетін және әр жас тобында ілінетін он күндік ас мәзірі сайтқа жүктелген.

5. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау

Осы бұйрыққа сәйкес, бөбекжай директоры психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы бұйрық шығарып, ережесін бекіткен, психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мамандарының құрамы бекітілген.

Тәрбиешілер, арнайы мамандар мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді, ұйымдастырылған іс әрекетте және басқа уақытта қолайлы эмоционалды-психологиялық климатқа жағдай жасайды.

Бөбекжайдың психолог, логопед, дефектолог мамандары тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделерін, бейімділігі мен қажеттіліктерін зерделейді, тәрбиеленушілердің оқу бағдарламаларын

меңгерудегі қиындықтарын анықтау мақсатында оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізеді, ата-аналарға және өзге де заңды өкілдерге кеңес береді.

Мамандар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.

ПМПК ұсынымы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке дамыту және түзете дамыту бағдарламаларын, психологиялық-педагогикалық қолдау үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тізімін бекіткен.

Бөбекжайда ерекше білім алуды қажет ететін тәрбиеленушілерге арнайы кабинет жасақталған, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін психолог, логопед, дефектолог мамандармен қамтылған. Жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары кестесі бекітілген. Инклюзивті білім беру бойынша құжаттар бөбекжай сайтына орналастырылған.

2022-2023 оқу жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті

№	Аты -жөні	Туған жылы	Тобы	ПМПК қорытындысы
1	Елшибек Махамбет	15.07.2018	№9	Психикалық дамуының тежелісі. Мінез құлқындағы қиындықтар. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі.
2	Базарбай Әділет	22.08.2017	№8	РОП ЦНС. Выраженная задержка психического развития. ОНР I-II уровня.
3	Есбоган Ильяс	22.11.2019	№6	Сөйлеу тілінің дамымауының I деңгейі. Назар аударушылықтың жеткіліксіздігі, гипербелсенді.
4	Нурадин Мустафа	30.06.2017	№10	Резидуальное органическое поражение ЦНС.ЗПР церебрально –органического генеза. ОНР I-II уровня.
5	Исатай Аралбек	14.05.2019	№5	Психикалық дамуының тежелуі. Мінез – құлқындағы қиындықтар. Сөйлеу тілінің дамымауының I – II деңгейі
6	Улыкбанова Айжарқын	14.12.2018	№11	ПДТ назараударушылықтың жеткіліксіздігі, гипербелсенді. СТЖД I деңгейі
7	Нұрадин Мұхаммед	17.12.2017	№10	Қарым қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестігінің бұзылуы. СТЖД I деңгейі
8	Нұрадин Муслим	08.12.2019	№5	Задержка психического развития. ОНР I уровня.
9	Ноғайхан Акмарал	26.03.2018	№7	РОП ЦНС.ОНР I деңгей, комплекс неуверенности
10	Темірхан Мейіржан	17.10.2019	№5	ПДТ назараударушылықтың жеткіліксіздігі, гипербелсенді. СТЖД I деңгейі

2023-2024 оқу жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті

№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Тобы	Туған жылы	ПМПК қорытындысы
1	Ноғайхан Ақмарал	№7	26.03.2018	РОП ЦНС.ОНР І деңгейі, комплекс неуверенности
2	Темірхан Мейіржан	№5	14.10.2019	ПДТ назараударушылықтың жеткіліксіздігі, гипербелсенді. СТЖД І деңгейі
3	Улыкбанова Айжарқын	№11	14.12.2018	ПДТ назараударушылықтың жеткіліксіздігі, гипербелсенді. СТЖД І деңгейі
4	Нұрадин Мұхаммед	№10	17.12.2017	Қарым қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестігінің бұзылуы. СТЖД І деңгейі
5	Асқарова Улзада	№4	16.12.2020	СТЖД І- II деңгейі
6	Нұрадин Муслим	№5	08.12.2019	ЗПР. ОНР І ур
7	Құрбанқұл Ахмет	№4	07.10.2019	ПДТ. СТЖД І- II деңгейі
8	Бағытов Жомарт	№5	12.10.2019	ПДТ. СТЖД І- II деңгейі
9	Нурсултан Расул		14.11.2019	Психикалық дамуының тежелісі. Мінез- құлқындағы қиыншылықтар. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының І- II деңгейі

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті оңтайлы жағдайлар қарастырылған. Арнайы кабинет жасақталған. Кабинетте баланың сөйлеу тілін дамытуға арналған дидактикалық материалдар, қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыруға арналған дидактикалық ойындар, пазлдар, ұсақ және жалпы моториканы қамытуға арналған құралдар бар. 2021-2022 оқу жылы ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленуші болған жоқ, 2022-2023 оқу жылы 10 бала, 2023-2024 оқу жылы 9 тәрбиеленуші қамтылған.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету

Бөбекжай оқу-әдістемелік және балаларға арналған кітаптар қорымен қамтамасыз етілген. Арман ПВ, Шикула және Алматы баспасының әдістемелік әдебиеттер саны 164 дана. Бөбекжай дидактикалық материалдар, әртүрлі пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Бөбекжайда барлық жас топтарында, мектепалды даярлық топтары мен ересек топтар арасындас ерекшеліктерін ескере отырып кітап бұрыштары жабдықталған. Бұл бұрыштар бүлдіршіндердің кітапқа қызығушылығын

қалыптастырады. Ата – аналарға, балаларға арнап мобильді кітапханалар жасалған.

7. Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)

Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Бөбекжайдың бағаланатын кезеңге ұсынған балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтап, оқу жылы басында топтастыру қарастырылған.

Жас ерекшеліктеріне қарай бағаланатын кезеңдердегі топтарға бөлінуі туралы мәлімет

2021-2022 оқу жылы

р/к	Топтың атауы	Жас тобы	Бала саны
1	№1 «Балапан»	ортаңғы	25
2	№2 «Ботақан»	кіші	20
3	№3 «Жұлдыз»	кіші	20
4	№4 «Құлыншак»	ересек	25
5	№5 «Көбелек»	МАД тобы	25
6	№6 «Қарлығаш»	ортаңғы	20
7	№7 «Түймедақ»	ортаңғы	25
8	№8 «Алтын балык	ересек	25
9	№9 «Күн шуак»	МАД тобы	25
10	№10 «Шұғыла»	ересек	25
11	№11 «Ер төстік»	МАД тобы	25
12	№12 «Аққу» тобы	ересек	20

2022-2023 оқу жылы

р/к	Топтың атауы	Жас тобы	Бала саны
1	№1 «Балапан»	ортаңғы	25
2	№2 «Ботақан»	кіші	20
3	№3 «Жұлдыз»	кіші	20
4	№4 «Құлыншак»	МАД тобы	25
5	№5 «Көбелек»	ересек	25
6	№6 «Қарлығаш»	ортаңғы	20
7	№7 «Түймедақ»	ересек	25
8	№8 «Алтын балык	МАД тобы	25
9	№9 «Күн шуак»	ересек	25
10	№10 «Шұғыла»	МАД тобы	25
11	№11 «Ер төстік»	ересек	25
12	№12 «Аққу» тобы	кіші	20

р/к	Топтың атауы	Жас тобы	Бала саны
1	№1 «Балапан»	ортаңғы	25
2	№2 «Ботакан»	кіші	20
3	№3 «Жұлдыз»	кіші	20
4	№4 «Кұлыншак»	ересек	25
5	№5 «Көбелек»	ересек	25
6	№6 «Қарлығаш»	МАД тобы	20
7	№7 «Түймедақ»	МАД тобы	25
8	№8 «Алтын балық	ересек	25
9	№9 «Күн шуак»	ортаңғы	25
10	№10 «Шұғыла»	МАД тобы	25
11	№11 «Ер төстік»	ересек	25
12	№12 «Аққу» тобы	кіші	20

Бөбекжайдың сыйымдылығы - 280 орын. Жас ерекшелігіне қарай 12 топқа топтастырылған, талапқа сай келеді.

Бөбекжай тәрбиеленушілерінің тізімі <https://orken6.edu.kz/> сайтына орналастырылған.

8. Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау

Сауалнама жүргізу мақсаты: білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау, оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау, бөбекжайға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау болды. Алынған мәліметтерді талдау төмендегідей нәтиже көрсетті:

Қатысқан ата-аналар саны: 60

Толтырылған сауалнама саны: 13 сұрақ

Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді- 92%

Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар - 98%,

Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба – 98%

Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым – қатынастағы әдептілікті сақтайды - 94%

Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз ба - 94%

Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады - 94%

Сауалнамаға мектепалды даярлық тобының барлығы 60 ата-ана қатысты 100% жауап берді. Сауалнама Телеграмм әлеуметтік желісі арқылы жүргізілді.

Ата-аналар бөбекжай жұмысына риза. Ата-аналардың білім беру мекемесі мен оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттану коэффициенті 98% құрады, бұл қанағаттанудың жақсы деңгейін көрсетеді. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде бөбекжай мен отбасының

тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата- аналардың сұраныстары мен тілектерін қарастыруға және ескертуге мүмкіндік береді.

9. Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін сауалнамаға 35 педагог қатысқан. Педагогтер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне 100% қанағаттанатындығын көрсеткен.

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – *ҰОЖ*) талаптарына сәйкестігі.

Бағалау барысында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша оқу жұмыс жоспарлары талданды.

2021-2022 оқу жылы ортаңғы үш топтың №1«Балапан», №6 «Қарлығаш», №7«Түймедақ», ересек төрт топтың №12 «Аққу», №10 «Шұғыла», №8 «Алтын балық», №4 «Құлыншак», екі кіші топ №2 «Ботақан», №3 «Жұлдыз» және мектепалды даярлық үш топтың №9 «Күншуақ», №5«Көбелек», №11 «Ер төстік» топтарының жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген, *ҰОЖ (09.09.2022 № 394бұйрығымен өзгерістер енгізілгені)* және Стандартқа *(03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы)* сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылы үш кіші топ №2 «Ботақан», №3 «Жұлдыз», №12 «Аққу» ортаңғы екі топтың №1«Балапан», №6 «Қарлығаш» ересек төрт топ №5«Көбелек», №9«Күншуақ», №7«Түймедақ», №11 «Ер төстік» және үш мектепалды даярлық №4 «Құлыншак», №8 «Алтын балық», №10 «Шұғыла» топтарының жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген, *ҰОЖ (12.05.2020 жылы №195 бұйрығымен өзгерістер енгізілгені)* және Стандартқа *(31.10.2018 жылғы №604 бұйрығына 1-қосымшасы)* сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылы үш кіші топ №2 «Ботақан», №3 «Жұлдыз», №12 «Аққу» ортаңғы екі топ №1«Балапан», №9«Күншуақ» ересек үш топ №4 «Құлыншак», №5«Көбелек», №8 «Алтын балық», №11 «Ер төстік» және үш мектепалды даярлық №6 «Қарлығаш», №7«Түймедақ», №10 «Шұғыла» топтарының жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) және ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) кестелері бекітілген, *ҰОЖ (09.09.2022 № 394бұйрығымен*

өзгерістер енгізілгені) және Стандартқа (03.08.2022 жылғы №348 бұйрығына 1-қосымшасы) сәйкес келеді.

Оқу –әдістемелік жұмыс тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

Білім беру ұйымының бекіткен жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күнделікті жұмыс тәртібі, үлгілік оқу жоспары №557 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізілді. Жоспар және циклограммалар талданды. Өткен үш оқу жылындағы жұмыстың оқу жоспарларында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. МДТОҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы; оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы 2021-2022, 2022–2023, 2023-2024 оқу жылында білім беру салалары бойынша үлгілік оқу жоспарының оқу жүктемесінің талаптарына сай жүргізілді. Ағымдағы 2023-2024 жылы үлгілік оқу бағдарламасының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған іс –әрекет ересек, ортаңғы, кіші топтарда ойын түрінде жүргізілді. Ал, мектепалды тобында 20 сағат саны көрсетілді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 2021-2022 оқу жылында кіші топта-9 сағат, ортаңғы топта-11 сағат, ересек топта -12 сағат, мектепалды даярлық тобында–17 сағатты құрайды. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі сақталды. 2022–2023, 2023-2024 оқу жылында ересек, ортаңғы, кіші топтарда ойын жаттығу түрінде өткізіліп, уақытпен сағат санына шектелмеген. Мектепалды топта 20 сағатты құрайды. Ортаңғы, ересек, мектепалды топтарында қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті енгізілді. Пәндік кеңістіктік дамытушы орта құру бөбекжайымызда баланың жас ерекшелігіне сай құрылған. Пәндік-кеңістіктік даму ортасы, баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Пәндік-дамытушы орта да заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекет пен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Осы мақсатты іске асыру барысында бөбекжайда ойын технологиясын пайдаланады. Монтессори технологиясының элементтерін қолдану да сәйкес пәндік –кеңістіктік даму ортасын құруды өлшеу бойынша талдау жүргізіледі. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар жасақталған.

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау: Баланың дамуын қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып

табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілді. Өткен үш оқу жылымен бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытын да жүргізілді. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысы жүргізілді. Баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағытқа асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары ұйымдастырылды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 жылдың бастапқы мониторингі. Оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалары мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық топтарының білім беру саласы бойынша Құзыреттілікті игеру деңгейінің бастапқы, аралық, қорытынды жеке даму картасы жасақталып, нәтижелері нақты айқындалды. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижелері жасалған. Жыл сайын бөбекжай тәрбиеленушілері мен педагогтері зияткерлік байқауларға, көркемдік және шығармашылық конкурстарға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп келді. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының динамикасынын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады. "Физикалық қасиеттерді дамыту", "Коммуникативтік дағдыларды дамыту", "Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту", "Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту", "Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған. Физикалық қасиеттерін дамыту, Коммуникативтік дағдылар, Танымдық және зияткерлік дағдылар, Шығармашылық дағдылары зерттеу іс-әрекетін дамыту, Әлеуметтік - эмоцияналды дағдыларды қалыптастыру ойын іс-әрекет негізінде кіріктіріліп қамтамасыз етілген. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға үлгілік оқу жоспарының міндеттеріне сәйкес циклограмма құрылған. Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібінің міндеттері, мазмұны ұзақтығы және ұйымдастырылған іс-әрекеттері сақталған. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі

гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы көрсетілген. Бөбекжай әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстар мен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижелері жасалған. Жыл сайын бөбекжай тәрбиеленушілері мен педагогтері зияткерлік байқауларға, көркемдік және шығармашылық конкурстарға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп келді. Мониторинг қорытындысы бөбекжайдың сайтында орналастырған <https://orken6.edu.kz/>

Тәрбиеленушілер жетістіктері

№	Оқу жылы	Аудандық	Облыстық	Республикалық
1	2021-2022	6	-	-
2	2022-2023	7	-	-
3	2023-2024	15	2	1

Педагогтер жетістіктері

№	Оқу жылы	Аудандық	Облыстық	Республикалық
1	2021-2022	4	-	-
2	2022-2023	13	1	-
3	2023-2024	14	-	-

ҚОРЫТЫНДЫ: Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№6 «Өркен» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті № 348 бұйрығының білім беру стандарттарының талаптарына **СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.**

Өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімі бойынша 2024жылғы 29 шілде кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамалық шешіміне сәйкес

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі «№6 «Өркен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның өзін өзі бағалау нәтижесінің қорытындысы «36» балл жақсы деп бағаланды.

Білім беру ұйымының басшысы м.а. Реева Турсынай Жусипбаевна


(Тегі, аты, әкесінің аты (колы))